

ӘОЖ 338

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДІК НАРЫҚТАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

**Айдархан Зейнеш Айдарханқызы  
Нурбекқызы Ақсұнқар**

*[zeineshaidarkhan@mail.ru](mailto:zeineshaidarkhan@mail.ru), [aksunkar.nur14@gmail.com](mailto:aksunkar.nur14@gmail.com)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің 1 курс студенттері,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Н. Досмағанбетов

Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдық тарихына шолу жасасақ, нарықтық экономиканы нөлдік деңгейден бастап, әлемдік нарық жүйесінің толыққанды қатысушысына айналған, жас мемлекеттің мақтана алар жетістігі. Қазақстан өз экономикасын қайта құру жолы оңай болмады. Бірақ үш онжылдықта, бірқатар сын-қатерлерден өтіп, жаһандық дағдарыстардың қиын жылдарынан сүрінбей өтуі, ұлттық экономикамыздың қалыптасуына әкелді.

2020 жылдың басынан бастап әлем экономикасына көптеген сыртқы факторлар белсене әсер етті. Бүгінгі күні талдаушылардың ойы бойынша әлемдік экономиканың ахуалына COVID-19 омикрон-штаммы, Ресей мен Украинаның арасындағы қарым-қатынастың шиеленісі, Қытай еліндегі инфляция мен экономикалық түсім әсер етуші фактор ретінде саналып, кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл сыртқы факторлардың Қазақстанның болашағына, саяси және экономикалық тұрғыда үлкен әсері бар.

2021 жылдың 17 маусымда Халықаралық менеджментті дамыту институтының Жаһандық бәсекеге қабілеттілікті зерттеу орталығы (IMD, Лозанна, Швейцария) 2021 жылғы Дүниежүзілік бәсекеге қабілетті елдердің рейтингінің нәтижелерін жариялады. Бұл зерттеудің нәтижесі - әлемнің 64 елді бағалап, тізімде Швейцария көш бастап тұр. Үздік бес елдің қатарына Швеция, Дания, Нидерланды және Сингапур кіреді. Қазақстан 2020 жылғы рейтингпен салыстырғанда 7 тармаққа көтеріліп, 35-орынға ие болды. Португалия (36-орын), Индонезия (37-орын), Латвия (38-орын), Испания (39-орын), Словения (40-орын), Үндістан (43-орын), Ресей (45-орын), Түркия (51-орын) сияқты елдерден алда.

Қазақстанның экономикалық өсуі мен сыртқы сауда дамуына қысқа және ұзақ мерзімді факторлар қарқынды әсер етеді.

Қысқа мерзімді факторлар:

1) 1998 жылы болған Азиялық дағдарыс нәтижесінде теңгенің құбылмалы бағамын енгізуі, бұл экспорттық өндірістің барлық түрлерін ынталандырды;

2) мұнай мен газға, көптеген шикізат түрлеріне және жартылай фабрикаттарға әлемдік бағалардың көтерілуі;

Ұзақ мерзімді факторлар:

1) біліктілігі жоғары жұмыс күші әлеуетінің бар болуы;

2) алдыңғы қатарлы озық технологияларды қолданудың кең мүмкіндіктері;

3) Қазақстан территориясында Еуропа мен Азияны байланыстыратын трансұлттық көлік жолдарының дамуы;

4) жеке және мемлекеттік секторларда жинақталған ірі қаржы ресурстарының болуы

2022 жыл Қазақстан үшін аса маңызды жылдардың бірі. Әлемде болып жатқан оқиғалар, Ресей мен Украина арасындағы ахуал, Қазақстанның экономикасына біршама өзгерістер әкеліп жатыр. Дегенмен халықаралық сауданың өсуі әр кезде қарама-қайшылықтар мен конфликт тұрғыда жүреді.

Экономистер Ресейге қойылған санкциялардың Қазақстанға әсерін болжауда. Ресей көп елдермен өз ара-қатынасын тоқтатып, негативті конфликт түрінде орын алып жатыр. Егер Батыс елдерінен және мүмкін АҚШ-тан тауарлар енді Ресейге экспорттанбаса, Қазақстан бұл жерде Ресейге реэкспорттаушы ел ретінде пайда таба алады. Бірақ Қазақстан Ресейді қолдаушы ел ретінде басқа мемлекеттер қабылдауы мүмкін. Сондықтан Ресейге қарсы санкция жүргізуші ұйымдар, Қазақстанға да санкциялар жүргізуі мүмкін.

Осы жылы рубльдің құлдырау себебінен, әлемдік нарықта теңгеде төмендеді. Бұл факторлардың әсерінен, Қазақстанның теңгесі рубльден сәл алшақтай бастады. Теңгенің рубльден айырылу бастауы Қазақстан үшін үлкен қадам болып табылады. Ешкім теңге бағасын рубльге байлаған жоқ. Оларды экономикалық қарым-қатынастар байланыстырды. Кеден одағынан кейін және ЕАЭО жылдары бұл байланыс біздің пайдамызға емес, өсті. Сондықтан рубльдің ауытқуы, біздің экономикамыз үшін айтарлықтай сезілді.

Теңге нарықтық белгісіздіктердің өсу жағдайында құнсыздануына бейім. Алайда, теңгенің рубльге қарағанда тұрақты болуы мүмкін екенін сипаттайтын тренд пайда болды. Теңге, бәлкім, ішкі факторлардың ықпалымен, рубльден (Қазақстан экономикасының ресейлік экономикаға объективті тәуелділігіне қарамастан) бірте-бірте алшақтай немесе бөліне бастады десекте болады. Бұл Ресейге санкциялар енгізуінен және қазіргі жағдайына байланысты Қазақстанға әсер етуі.

Қазақстан экспортқа шамамен 80% шикі ресурстарды шығарады, нақты ол жер қойнауындағы жатқан табиғи, минералды ресурстарымыз. Еуропа елдермен салыстарғанда олар бізге импортқа: қапталған дәрілер, вакциналар, қанның сывороткалары, турбореактивті және турбовинтті қозғағыштар, түрлі газ турбиналары, вакуумдық немесе ауа насостарын экспорттайды. Соңғы 20 жылда Қазақстан экономикасы, негізінен мұнай өндіруді үздіксіз арттыру есебінен өсті және хром мен фосфор, марганец, вольфрам және темір өндіруден дамыды. Бұл жақта туындайтын мәселе – Қазақстан пайдалы қазбаларға өте бай, ал басқа елдер оларға мүлдем тапшы болып, осындай ресурстарға өте үлкен сұраныс жасайды. Сол себептен Қазақстанға экспорттау барысында ресурс көздеріне тәуелді болады.

Бұл тәуелдіктен туындайтын мәселе - әлемдік бағалардың ауытқуына, шикізаттың көптеген түрлерін игеруі қымбаттап бара жатқаны, болашақта шикізат экспортын кеңейтуде қиындықтар әкелуі. Нәтижесінде, елдің экономикалық дамуының тұрақтылығы осы кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығына және басқару саясатына тікелей байланысуы. Қазақстанның сыртқы саудасындағы басты проблемалардың бірі шикі ресурстарды арзан бағада экспорттап, қымбат дайын өнімді импорттау.

Егер экспортқа шикі ресурстарымызды емес, мал шаруашылығын, агроөнеркәсіпті және тағы басқа шаруалышық түрлерін дамытып, оның өнімдерін экспортқа шығарсақ, былайша әлемдік нарықта дайын өнім шығарылуына көңіл бөліну керек. Себебі еліміздегі дамыған және даму үстіндегі өнеркәсіп түрлеріне бұл шаруашылықтарды жатқыза аламыз.

Қазақстанның климаттық жағдайлары, кең аумақ алуы маңызды рөл атқарады. Негізгі экспортқа шығатын дайын өнім - бидай болып табылады. Ол республикадан экспортқа шығарылатын барлық астық көлемінің 88% алады. Елде бидайдан бөлек арпа, күріш, қара бидай, жүгері, қарақұмық экспортталады.

Қазақстандағы ең ірі электрондық коммерция платформасы – Kaspi.kz. бағдарламасы. Бұл елдегі ең танымал мобильді және онлайн сауда, онлайн банк түріне негізделген инновациялық компания. Оның көмегімен пайдаланушылар төлемдер мен аударымдарды жүзеге асырады, жеке қаржыны басқарады. Әрбір қазақстандықта Каспи банкінде шоты бар. Каспи қосымшасын тағы Өзбекстан, Қырғыстан, Ресей мемлекеттері және алыс шет елдері қолдана алады. Егерде осындай онлайн, халыққа пайдалы қосымшалар жасалып, Каспи қосымшасы сияқты электронды нарықта орын алса, бұл еліміздің жаңа заман талаптары бойынша дамуын көрсете алады.

Қазіргі уақытта еліміздің экономикасында 16000 жуық кәсіпорын жұмыс істейді, оның 1,6% (шамамен 250 ірі кәсіпорын). Республиканың ірі кәсіпорындары қазір шетел компанияларының бақылауында немесе басқарушы қазақ азаматы болмауы, олардың мүдделері кейде ұлттық экономиканың және еліміздің тұрғындарына қажеттіліктерімен сәйкес келмейді. Бұдан елімізде реттеу шараларын жүргізілмейтіндігін және отандық өндірушілердің дамуына дұрыс қолдау жасамайтындығын байқауға болады.

Қазақстанның сыртқы саудадағы мәселелерді шешу жолдары:

1. Халыққа көп пайда тигізетін және әлемдік нарықта орын алатын ірі экспортқа бағытталған тауар өндірушілерге және кішігірім өндірушілерге, мемлекет тарабынан жан-жақты қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;

2. Тауарды экспорттаған кезде, тауардың сапалы түрде жеткізуін, тасымалдауды дамытуға, Қазақстан өзінің географиялық орналасуын пайдаланып, әлемнің серпінді дамып келе жатқан елдермен трансконтиненттік сауда жолдары жасау және жібек жолын дамыту;

3. Арзан жұмыс күшін пайдаланбай, жоғары квалификацияланған жұмысшыларды жалдап, тауар шығаратын өндіріс орындарын дамыған, инновацияланған технологиялармен жабдықтыру.

4. Мемлекеттің құқықтық құндылықтарын құрметтеуге және азаматтық қоғамды қорғауға назар аудара отырып, әлемнің озық елдерімен ынтымақтастықты одан әрі дамыту.

5. Отандық өндірушілердің жаңа өнімін жылдам түрде экспортқа шығарылуына қолдау көрсету

Қорытындыла келе, жоғарыда айтылып кеткен проблемаларға шешу жолдарын ұсына отырып, зерттеу нәтижелері ретінде Қазақстанның экспорт пен импорт қарым-қатынастарын, әлемдік нарықта маңызды орны мен рөлін анықтап, экономиканы сыртқы сауда тұрғысында дамуының кең мүмкіндіктеріне ие екенін аңғардық. Осы байқау арқылы экономиканың дамуын көтеруге бағытталған саналы іс-шараларды жүзеге асыра отырып, Қазақстан бәсекелік күрес жағдайында, әлемдік экономикада өзінің лайықты орнын таба алатындығына сенеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Экономикалық теория: Оқулық/А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов.– 3-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018. – 285 б.

2. Мэнкью Н. Грегори. Принципы макроэкономики Питер, 2012 - Business & Economics – 543 с.

3. Экономика Казахстана в 2022 году. 02 февраль 2022. [Электронный ресурс] – Порядок доступа: <https://marketingcenter.kz/20/economy-kazakhstan.html#impex>

4. Что говорит о том, что тенге "отвязывается" от рубля. 03 август 2020. [Электронный ресурс] – Порядок доступа: <https://www.zakon.kz/5034508-chto-govorit-o-tom-chto-tenge.html>